

- учатся пользоваться приобретенными знаниями для решения познавательных и практических задач;
- приобретают проектные компетенции;
- развивают исследовательские и аналитические компетенции (готовность и способность выявлять проблемы, проведения эксперимента, анализа и синтеза, построения гипотез, обобщения);
- совершенствуют системное мышление.

Выпускники технических специальностей и направлений подготовки вуза составляют серьезную конкуренцию другим претендентам при трудоустройстве, поскольку в процессе обучения они получают навыки реальной практической подготовки при выполнении лабораторных и практических работ, курсовых проектов, студенческих научных исследований, дипломных проектов (работ), прохождении технологических и производственных практик благодаря обучению по практико-ориентированным образовательным программам.

Список литературы:

1. Скалозубова Г.В., Лазебная Ю.П. Опыт практико-ориентированного обучения техническим специальностям в Рудненском индустриальном институте/ Материалы международной научно-практической конференции «Современная металлургия нового тысячелетия». – Липецк, 2015 – Т.2. – с. 261-265.

Суюбаева Жанара Тулебаевна
Зам.декана ГМФ, ст.преподаватель
г.Рудный

ИННОВАЦИОНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУДЕ (ПЕДАГОГИКАДА) ҚОЛДАНУ

АННОТАЦИЯ

Мақалада жана инновациялық технологияларды игеру мен меңгеру ұсынылған.

Түйінді сөздер: технологиялар, инновациялар, мультимедиялық интернет, электрондық оқулық

АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены виды инновационных технологий и приведены рекомендательные предложения по их использованию.

Ключевые слова: технологии, инновации, мультимедийный интернет, электронный учебник

ABSTRACT

In the article the types of innovative technologies are considered and recommendation suggestions over are brought on their use.

Keywords: technology, innovation, multimedia internet, electronic textbook

Қазіргі заман талабы - оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жанаша қарым-қатынас пайда болуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі - оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы өтуіне ықпалын тигізуде.

Тақырыптың өзектілігіне келер болсақ, әрбір білім беру ордаларында бүгінгі таңда белең алып отырған кемшіліктері баршылық, атап айтатын болсақ: білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен мардымсыздығы; білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы; білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу.

Инновациялық процестің негізі - жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Инновациялық педагогикалық технологиялардың артықшылығы:

Біріншіден- технологияда түпкі нәтиже дәл анықталады. Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. Технологияда мақсат негізгі болғандықтан оны дәл анықтауға мүмкіндік бар.

Екіншіден- мақсат сүйеніп қойылғандықтан, оған жету үшін істелетін жұмыстардың нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі.

Үшіншіден- мұғалім дайындықсыз оқыту процесін жүзеге асыра алмайды.

Төртіншіден- әдістемеді сабақ жоспарлары - мұғалімнің жоспары, оқыту процесінде жұмыс істейтін мұғалім. Ал технологияда оқушылардың оқу іс - әрекетінің түрлері және мазмұны көрсетілген жоба жасалады.

"Инновация" ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: "Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея". Майлс "Инновация - арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз", - дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шеінуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова. Р.Линчевская - "Жаңару" дегенімізді былай деп түсіндіреді: "Жаңару - белгілі бір адам үшін әділ түрде жана ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа ой. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол "Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі" деген анықтаманы ұсынады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады .

Модификациялық инновация - бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация - бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру, Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел: Ақпараттық технология.

Радикалдық инновация - білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту

технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жанашыл, инновациялық болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағдарланған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр. Мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу дағдысы міндетті тала болуға тиіс екендігі атап көрсетілген.

Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделініп отыр. Олар: компьютерлік техниканы, интернетті, компьютерлік желі, электронды оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімділігін күшейту және білім сапасын көтеру.

Ақпараттық технологиялар. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жанашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді, заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Атап айтар болсақ РИИ қабырғасында дәл осы ақпараттық технологиялар қолданылуда, әрі өз нәтижесін беруде.

* Электрондық оқулық - бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық проектiлерге нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын электрондық оқу құралы. Рудный индустриялық институт қабырғасында 56 электронды оқулық бар. Оның ішінде: 24-і сала бойынша, 4-і стандарттау бойынша, 20-ы қазақ тіліндегі пәндер бойынша, 8-і оқытушылардың кітаптары.

* Мультимедиа - компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Институтымызда осыған орай лингафонды кабинет жұмыс атқаруда. Күніне біраз шама студент білім алады бұл тек екі ғана пән бойынша, ал бұл кабинетте алты пәннен сабақтар өтеді. Күніне Қазақ тілінен-20 студент, жалпы ағылшын тілін алғанда -20 студент.

* Интернет кеңістігі - ғаламтор желісіне тегін кіруге мүмкіндік беретін арнайы кабинет жасақталған, осы бөлмеде барлық электронды оқулық түрлері бар, яғни бір уақытта ғаламтордан және электронды оқулықтан мәлімет іздеуге болады. Бұл кабинетке күніне 28-30 студент келіп аталған қызметтерді тұтынады. Ал сессия немесе аралық бақылау кезінде-76-80 студент келеді.

* Интерактивті тақталар-мультимедиялық электрондық оқыту құралдарының бірі. Бұл білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден- бір шарты - оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми- техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу - әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияны оқу - тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз

мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

Инновациялық технологияларды педагогикада қолдану жұмысымызды қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамын:

- Педагогика саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;
- Мультимедиялық кабинеттердің санын арттыру және мамандық бойынша пәндерден сабақ өткізілсе нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. // Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. - А., 2004.
3. Жүнісбеков Ә. Жаңа технология негізі-сапалы білім. // Қазақстан мектебі, №4, 2008.
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технология құрылымы. - А.: Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. - А.: Білім, 2008.
6. «Хабаршы» 3 (40) 2013 журналы.
7. «Қазақстанның жоғарғы мектебі» 3. 2014 журналы

Талкибаев Абай Болатович
канд. пед. наук, ст. препод.
АПО при ГП РК,
г. Астана

ИНТЕНСИФИКАЦИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ПО ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В ВЕДОМСТВЕННОМ ВУЗЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДИК ОБУЧЕНИЯ: PORTFOLIO; CASE STUDY; WebQuest

АННОТАЦИЯ

Мақалада шет тілі пәндерді оқытудың заманауи әдістері туралы айтылады. Мақала ведомстволық жоғарғы оқу орны оқыту барысында суреттелген магистратура тыңдаушылардың оқуда және тұлғалық өсуінде қол жеткізген нәтижелерінің деңгейі бағалаудың баламалы құралы ретінде қарастыруға болатын технологияларды пайдаланудың артықшылығы мен болашағы туралы материалды қамтиды.

Түйінді сөздер: технология, әдіс, Портфолио, Кейс-технология, Веб-Квест, оқыту барысы, магистратура тыңдаушылар, ведомстволық жоғарғы оқу орны.

АННОТАЦИЯ

В статье рассказывается о современных методах преподавания иностранного языка в ведомственном вузе. Статья содержит материал о преимуществах и перспективах использования описанных технологий в процессе обучения в вузе, которые могут рассматриваться в качестве альтернативных средств оценки уровня достигнутых слушателями магистратуры результатов в их учебной деятельности и личностном росте.

Ключевые слова: технология, метод, Портфолио, Кейс-технология, Веб-Квест, процесс обучения, слушатели магистратуры, ведомственный вуз.

ABSTRACT

Modern technologies and methods of teaching foreign language in departmental university. The material of the article is devoted to the modern methods of teaching languages. The article carries material about the advantages and perspectives of using of described technologies in the process of learning in Higher Educational Institutes. These technologies may be considered as the alternative means of evaluation of listeners' results in their academic activities and personal development.

Key words: technology, method, Portfolio, Case-study, WebQuest, process of learning, listeners, departmental university.